Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

ТОО «СП «Caspi Bitum», бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын , _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Шарттың жалпы сомасына мыналар кіреді, бірақ аталғандармен шектелмейді: а) Шартта көрсетілген шығындар, оның ішінде Шарттың қосымшаларына сәйкес Жұмыстарды орындау, Тапсырыс берушінің объектісін қажетті жабдықтармен және материалдармен жинақтау, инфрақұрылым объектілерін салу; б) барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды салу құны, монтаждау және бөлшектеу жұмыстарын орындау, жабдықты іске қосу-баптау жұмыстары, ҚНжЕ сәйкес монтаждалған жабдықты сынау, жергілікті қадағалау органдарымен пайдалану рұқсатын келісу, Жұмыстарды тапсырумен және пайдалануға қабылдаумен байланысты шығыстар; в) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдар.

2.1.2. Мердігердің Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге, оның ішінде Шарт жасасу кезінде орындалуы тиіс Жұмыстардың немесе осы үшін қажетті шығыстардың толық көлемін көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да, талап етуге құқығы жоқ. Егер Шартта ескерілмеген, бірақ Жұмыстарды аяқтау үшін қажет болатын жұмыс көлемі анықталса, Мердігер Шарттың сомасын ұлғайтпай, Мердігердің күтпеген шығыстары есебінен Шарттың қосымшаларында ескерілмеген осы жұмыстарды өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде орындайды. Қалай болғанда да, Мердігердің Тапсырыс берушіден жоғарыда көрсетілген жұмыс көлемін орындауға жұмсалған шығындарды өтеуін талап ете алмайды.

2.1.3. Мердігердің іс жүзіндегі шығыстары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілгендерден аз болғанда және Мердігер алған үнем орындалған Жұмыстардың сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.3.1. Егер Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, онда мұндай алдын ала төлем Мердігер Шартта айқындалған төлем шотын және Шарт бойынша аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін қолданылу мерзімімен аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету берген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сай келсе, аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну міндеттемесі Мердігерге қолданылмайды. Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтарудың қамтамасыз етуі ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді аванс төлемей жүргізеді. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

2.4.2. Орындалған жұмыстар актісі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4.3. Орындалған жұмыстар актісі (оның ішінде, егер Шартта көзделген болса, залалсыздандыру актісі және кәдеге жарату актісі);

2.4.4. Шот-фактура.

2.4.5. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде беріледі).

2.5. Аралық төлемдер мен түпкілікті есеп айырысу аванстық төлем сомасының пропорционалды шегерімін ескере отырып жүргізіледі

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Шот/Шот-фактура Орындалған жұмыстар актісі негізінде жазып беріледі және өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) және Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлемге қойылуы (күні көрсетілуі) тиіс.

2.8. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара даулаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді дереу хабардар етуге тиіс, ал Мердігер дау Тапсырыс берушінің пайдасына шешілген болса, соманың даусыз бөлігіне қайтадан шот қоюға тиіс. Тапсырыс беруші мен Мердігер даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу үшін және осындайларды түзету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

2.9. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келген комбинациясы Тапсырыс берушінің Мердігердің шот-фактурасын тануын білдірмейді.¬¬¬¬¬¬ Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем болашақта шотта қойылған кез келген соманың негізділігіне дау айтуға оның құқығы сақталған жағдайда жүргізіледі.¬¬¬¬¬¬

2.10. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысқанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысан бойынша Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер Тапсырыс берушіден оны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қойып, Тапсырыс берушіге беруге міндеттенеді.

2.11. Мердігермен есеп айырысу кезінде Мердігер Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төлеуі тиіс соманы біржақты тәртіппен (өзара есеп айырысуды жүргізу тәртібімен) мынадай сомаға азайта алатындығымен келіседі: - Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші қоятын айыппұл санкцияларының және/немесе залалдарының сомасына; - төленген аванстар сомасына; - Мердігердің Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешектері сомасына азайта алатындығымен келіседі.

2.12. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде айқындалғандай, Орындалған жұмыстар үшін Мердігерге тиесілі сыйақы бойынша берешекті өтейді.

2.13. ҚР-да Мердігердің атына ақша аударумен байланысты осы Шарт бойынша шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал ҚР-дан тыс жерлерде ақша аудару жөніндегі барлық өзге де шығыстарды, соның ішінде корреспондент-банктердің банк комиссияларын, бірақ олармен шектелмей, Мердігер көтереді. Мердігер Тапсырыс берушінің атына ақша аударумен байланысты барлық шығыстарды көтереді.

2.14. Тапсырыс беруші құжаттар топтамасының, соның ішінде Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің тиісінше ресімделмеуіне және/немесе төлемге уақтылы ұсынылмауына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.15. Шарт бойынша төлем Шарттың 18-бөлімінде көрсетілген Мердігердің есеп шотына ақша қаражатын аудару арқылы теңгемен жүргізіледі.

2.16. Тапсырыс беруші мен Мердігердің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-біріне осындай өзгеріс болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлау мерзімін бұзу немесе Мердігердің төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеуі нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші ақшаны дұрыс емес деректемелер бойынша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалып, алынған ақшаны Мердігерге аударуға міндетті.

2.17. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, төлем 20% мөлшерлеме бойынша төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы шегеріле отырып, осы Шартқа №10 қосымшада белгіленген нысан бойынша Мердігер берген төлемге арналған шот/инвойс негізінде (шот-фактура ресімдеусіз) жүргізіледі. Бұл ретте, Мердігердің: - егер қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруды болдырмау мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелерінде резидент еместің Қазақстан Республикасындағы көздерден алған табыстарына салық салудың өзге де ережелері көзделсе, ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасын Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 672, 673 және 674-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бюджетінен дербес қайтаруды жүзеге асыруға, не - Мердігердің резиденттік еліндегі есепке алу мақсаттары үшін, Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 676-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының көздерінен алынған кірістердің және ұсталған (төленген) салықтардың сомасы туралы анықтаманы салық органынан алуға құқығы бар. Салық органынан анықтаманы салық агенті

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ретінде Тапсырыс беруші де алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттардың (бұдан әрі – Конвенция) қолданылатын ережелерінде көзделген тәртіппен, салық базасын бұлыңғырлауға және салық салудан түскен пайданы шығаруға қарсы іс-қимыл мақсатында салық келісімдеріне қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны (бұдан әрі – MLI) ескере отырып, ол қолданылған жағдайда, белгілі бір талаптар мен критерийлердің орындалуы негізінде Тапсырыс беруші Мердігердің табысын Қазақстан Республикасында салық салудан босату не оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы.

2.18. Тапсырыс берушінің MLI-ді ескере отырып, Конвенция ережелерін қолдану мүмкіндігін қарастыруы үшін Мердігер Тапсырыс берушіге мыналарға сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынады: a) Шарт жасасу күнгі № 13, 12 қосымшаларға, сондай-ақ орындалған жұмыстардың әрбір актісіне сәйкес; b) Шарт жасасу күнгі № 14,15,16 қосымшаларына сәйкес. Бұл ретте Мердігер ақпаратты және растайтын құжаттарды мыналарға сәйкес толтырады және ұсынады: - №14 қосымшаға сәйкес – егер бейрезидент Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған MLI ережелері қолданылмайды; - №15 қосымшаға сәйкес – егер бейрезидент Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған негізгі мақсат тұрғысынан міндетті тест (principal purpose test немесе қысқаша «PPT«) өткізуді көздейтін MLI ережелері қолданылады; - №16 қосымшаға сәйкес – егер бейрезидент Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан мемлекеттің резиденті болса, оған екі міндетті тест өткізуді көздейтін MLI ережелері қолданылады: негізгі мақсатқа арналған тест (principal purpose test немесе қысқаша «PPT«) және салық жеңілдіктерін жеңілдетілген шектеу (simplified limitation of benefits немесе қысқаша «SLoB«). Тапсырыс беруші, қажет болған жағдайда, Конвенция шеңберінде MLI ережелерін қолдануды ескере отырып, Шартқа №14,15,16 қосымшаларда көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен растайтын құжаттар өзгерген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге жаңартылған №14,15,16 қосымшаларды және тиісті растайтын құжаттарды осындай жаңартылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде, бірақ төлем күнінен кешіктірмей немесе көрсетілген қызметтер/жұмыстарды орындау актісінің күні, осы екі күннің қайсысына кейінірек болуына қарай, ұсынуға міндетті. ҚР Салық кодексінің 666-бабына сәйкес Тапсырыс беруші Мердігердің ақпараты мен растайтын құжаттары негізінде Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Мердігердің Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрған фактісі анықталған кезде, сондай-ақ Мердігер Шартқа көрсетілген қосымшаларға сәйкес ақпаратты және растайтын құжаттарды ұсынбаған/ толық ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Конвенцияның ережелерін Қазақстан Республикасында төмендетілген салық ставкасын қолдану не Мердігердің табысын босату бөлігінде қолдана алмайды және Мердігерге табысты төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген 20% ставка бойынша табыс салығын ұстайды.

2.19. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, егер Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғалары немесе Мердігердің жұмыскерлері және (немесе) мердігерлері (қосалқы мердігерлері) не Шарт шеңберінде Мердігер тартқан Мердігердің бірлесіп орындаушысының (қосалқы мердігерінің) жұмыскерлері болып табылатын азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – Жұмыскер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын деп танылса (яғни осы Шартқа қол қойылған; осы Шарт қолданылатын; Орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) қойылатын күнтізбелік жылы аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш күннен кем (келу мен кету күндерін қоса алғанда) болса), мұндай Жұмыскердің табысына Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 656 бабына сәйкес жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) салуға жатады деп айқындалған. Жұмыскердің табысынан ЖТС ұстаудың уақытылығы мен толықтығы үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың мынадай тармақшаларымен белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады.

2.19.1. Өз салық міндеттемелерін орындау мақсатында, Тапсырыс беруші Шарт бойынша әрбір төлем үшін Жұмыскерден ЖТС төлеу есебіне осындай әрбір төлем сомасының 80 процентінен 10 процент ұстауға есептелген соманы ұстап қалады.

2.19.2. Мердігер Тапсырыс берушіге №11 қосымшада көрсетілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының шекарасынан өткендігі туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгілері бар осы Жұмыскерлер паспорттарының (Жұмыскерлердің жеке басын растайтын заңмен көзделген басқа да құжаттардың) көшірмелерін және Жұмыскерлердің Қазақстан Республикасында болған уақытын растайтын өзге де құжаттарды қоса бере отырып, барлық Жұмыскерлер бойынша деректерді көрсетіп, мынадай мерзімдерде ақпарат береді: (1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасасқан жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, шарт жасалған күнді қоса алғандағы деректерді қамтуы тиіс); (2) Орындалған жұмыстардың әрбір актісіне қол қойылған күні (ақпарат Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күнді қоса алғандағы деректерді қамтуы тиіс). Көрсетілген құжаттар әрбір жұмыскердің ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 (бір жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғанын/болмағанын айқындау және ЖТС сомасын айқындау үшін Тапсырыс берушіге ұсынылады. 2.16.3 Ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Жұмыскерлер бойынша Орындалған жұмыстар актісімен бір мезгілде мыналар ұсынылады: 1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Жұмыскермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; 2) жұмыскердің еңбек шарты және (немесе) Жұмыскермен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде Жұмыскердің жалдамалы жұмыстан алатын табыстары туралы мәліметтерді қамтитын, Мердігердің резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген өзге де құжат.

2.19.3. Шарттың 2.16.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Шарттың 2.16.2 және 2.16.3 тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттар негізінде Орындалған жұмыстардың соңғы актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Мердігерге (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. Тапсырыс беруші Шарт аяқталған күнгі жағдайы бойынша мынадай талаптар бір мезгілде орындалған кезде, қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 2.16.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша айқындайды:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(1) барлық Жұмыскерлер бойынша Шарттың 2.16.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылса; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Жұмыскерлер бойынша белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде Шарттың 2.16.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар табыс етілсе.

2.19.4. 2.19.1 тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы. осы Шарттың 2.19.2 тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттар негізінде орындалған жұмыстардың соңғы актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде мердігерге (толық не ішінара) қайтарылуы мүмкін. және 2.19.3. Келісім-шарт. Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын 2.19.5 тармақшасында көрсетілген формула бойынша айқындайды. Шарт аяқталған күнге мынадай талаптарды бір мезгілде орындаған кезде: (1) барлық қызметкерлер бойынша 2.19.2 тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылды. Шарт; (2) шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және Қазақстан Республикасында ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген кезекті он екі айлық кезеңде күнтізбелік кемінде жүз сексен үш күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық қызметкерлер бойынша белгіленген көлемде және белгіленген мерзімдерде көрсетілген құжаттар ұсынылды 2.19.3 тармақшасында. Келісім-шарт.

2.19.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы мынадай тәртіппен айқындалады: ЖТСқайт = ЖТСұст-ҚТК*10%, мұндағы: ЖТСқайт – Мердігерге қайтарылуы тиіс ЖТС сомасы, ЖТС ұст – Шарттың 2.16.1-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы, ҚТК – ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Жұмыскерлердің кірістері, егер осы кірістер Шарттың 2.19.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған болса. Кіріс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күн саны үшін айқындалады.

2.19.6. Мердігер Шарттың 2.16.2 және 2.16.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, сондай-ақ Шарттың осы 2.16.2-тармақшасы бойынша ұсынылған ақпаратқа сәйкес, Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілгендер қатарынан кемінде бір Жұмыскер ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны айқындалса, және Шарттың 2.16.3-тармақшасы шеңберінде ол бойынша құжаттар ұсынылмаса, онда Шарттың 2.16.1-тармақшасы бойынша Тапсырыс беруші ұстап қалған барлық ЖТС сомасы Мердігерге қайтарылуға жатады және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Дұрыс емес ақпарат беруді қоса алғанда, осы Шарттың осы тармағын Мердігер тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды өтеуге міндеттенеді.

2.20. Салықтар, баждар және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.21. Осы Шарттың Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексіндегі ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, көрсетілген шарттың ережелері қолданылады.

2.22. Мердігер осымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік стандартымен танысқанын және оның шарттарын қабылдағанын растайды.

3. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері Шартқа №4 қосымшамен айқындалады ал Жұмыстарды орындау шарттары, көлемі мен орны осы Шартқа №1 және №2 қосымшаларда айқындалады, бұл ретте Мердігер күнтізбелік кестеде көзделген Жұмыстарды орындау басталған күннен бастап не Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Жұмыстарды орындауға кірісуге міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды көлемі мен сапасы бойынша Шарттың №1, №2 және №4 қосымшаларына сәйкес Орындалған жұмыстар актісі бойынша қабылдайды. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күн Жұмыстарды орындау күні болып саналады..

3.3. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталғанға дейін Мердігер Тапсырыс берушіден өзі және өзінің қосалқы мердігерлері үшін Жұмыстарды жүргізу үшін Тапсырыс берушінің аумағына кіру рұқсатын алуға міндетті. «Кіру рұқсаты» Мердігерге (қосалқы мердігерге) Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіру құқығын беретін және Мердігердің (қосалқы мердігердің) жарақтандырылуының Шартта белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжатты (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша) білдіреді.

3.4. Кіру рұқсатын алу үшін Мердігер осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес Мердігердің Шарт бойынша барлық талаптарға сәйкес жарақтандырылғанын куәландыратын барлық растайтын құжаттарды, оның ішінде құрылтай құжаттарының және қосалқы мердігер жұмыскерлерінің біліктілігін растайтын құжаттардың, рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде орындалатын Жұмыстарға арналған лицензиялардың, сертификаттардың көшірмелерін, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды және Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат құжаттарын, оның ішінде (қажет болған жағдайда) Мердігердің жарақтандырылуының Шарт бойынша талаптарға сәйкестігіне тексеру үшін Мердігердің өндірістік базасына Тапсырыс берушіге кіру құқығын ұсынады. Мердігер Кіру рұқсатында құжаттарды ұсынбаған және/немесе тексеру

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қорытындылары бойынша мәлімделген жарақтандыруды растамаған кезде, Тапсырыс беруші жазбаша жауабы арқылы сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Мердігерді қабылдамайды, бұл ретте Мердігер Шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2 тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен де бұзуға құқылы.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Мердігер жұмысты орындау үшін Тапсырыс беруші ұсынған бастапқы деректердің жеткіліктілігін жедел қарауға және қажет болған жағдайда Тапсырыс берушіге осындай деректерді берудің негіздемесімен жазбаша сұрауларды жіберуге міндеттенеді. Мұндай сұрау болмаған жағдайда, Мердігер берілген бастапқы деректердің жұмысты орындау үшін жеткілікті екенін растайды және жұмыстың уақтылы аяқталмауына байланысты барлық тәуекелдерді өз мойнына алады.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.5. Жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар, жабдық, техника (техникалық құрылғылармен), ғимараттар (құрылыстар), үй-жайлар, бағдарламалық жасақтамамен орындауға міндеттенеді. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды теңімен ауыстыруға құқылы. Жаңа жұмыскерлердің біліктілігі көрсетілген талаптарда аталған жұмыскерлердің біліктілігіне сәйкес келуі немесе одан жоғары болуы тиіс;

4.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.11. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайларды және Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде шарт бойынша аванстық төлемді (алдын ала төлемді) толық өтегенге дейін қолданылу мерзімімен аансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Төлем тапсырмалары түрінде енгізуге; Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес аансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі.

4.1.12. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейінгі қолданылу мерзімімен Төлем тапсырмалары түріндегі шарттың жалпы құнынан % 3 мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге; Бұл міндеттеме, егер ол Тәртіптің 43-бабы 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Мердігерге қолданылмайды. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Мердігердің сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы ерекшелікті құрайды. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Мердігер осы хабарламаны алған күннен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бастап Шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.13. Ұзақ мерзімді шарт бойынша (бір жылдан астам мерзімге жасалған) орындалуын қамтамасыз ету ұзақ мерзімді Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне ұсынылуға тиіс;

4.1.14. Банк кепілдігінде мынадай ақпарат болуы тиіс:

4.1.14.1. Банктің атауы;

4.1.14.2. Банк кепілдігінің (кепілдік міндеттеменің) нөмірі;

4.1.14.3. Банк кепілдігінің күні;

4.1.14.4. Мердігердің атауы;

4.1.14.5. Шарттың нөмірі мен күні;

4.1.14.6. Шарттың нысанасы;

4.1.14.7. Банк кепілдігінің сомасы;

4.1.14.8. Банк кепілдігінің қолданылу мерзімі.

4.1.15. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару аудару арқылы (ақшалай жарна болған жағдайда) немесе Мердігерге банк кепілдігінің, сақтандыру полисінің (бар болса) түпнұсқасын беру арқылы жүзеге асырылады. Енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Тапсырыс беруші Мердігерге мұндай ұстап қалу туралы хабарлама жіберілген сәттен бастап 10 (он) күндік мерзім өткеннен кейін Мердігердің шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзғанын көрсете отырып жүргізетініне Мердігер келіседі. Ұстап қалғаннан кейін қалған Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы Мердігерге ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап, сондай-ақ ол жол берген Шарт талаптарының бұзушылықтарын жойған және жоюға болатындарын жойған (мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) күннен бастап Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілместен 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Бұл ретте, Мердігер Тапсырыс беруші сотқа талап-арыз бергенге дейін айыппұл санкцияларының толық сомасын ерікті түрде төлеген не Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес Мердігерге төленуге тиіс сомадан берешекті біржақты ұстап қалған жағдайда, Тапсырыс берушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуін ұстап қалмайды және Мердігер Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтағанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттерді Мердігердің жасауына жол берілмейді.

4.1.16. Шарт талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес Жұмыстардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге

4.1.17. 4.1.16. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін біліктілігі, тәжірибесі мен құзыреттілігі осы Шарт бойынша Мердігердің міндеттерін тиісінше орындауға, сондай-ақ: - Қазақстан Республикасында қолданыстағы стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келетін тиісті сападағы материалдар мен жабдықтарды пайдалануға, оның ішінде тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстары кезінде материалдар мен жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге; - Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану үшін қандай да бір міндеттемелер мен ауыртпалықтардан ада материалдар мен жабдықтарды пайдалануға (Жұмыс нәтижесі құрамында Тапсырыс берушіге берілетін материалдар мен жабдықтарға қатысты) ;

4.1.18. Тартылған шетелдік персоналмен салыстырғанда қазақстандық персонал үшін тең жағдайлар мен еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге, оның ішінде:

4.1.18.1. Мердігердің, соның ішінде оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын жұмыскерлерінің арасында кемсітушілікке, соның ішінде еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.18.2. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша азаматтығын көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған Мердігер жұмыскерлерінің және оның қосалқы мердігерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпарат беруге;

4.1.19. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Мердігер жұмыскерлерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге;

4.1.20. Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес Орындалған жұмыстар актісі бойынша Шартта көзделген орындалған Жұмыстарды тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазуға;

4.1.21. Жұмыстар орындалып болғаннан кейін Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге Тапсырыс берушіге Шартқа №3

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебін ұсынуға міндеттенеді. Егер Шарт ұзақ мерзімді болған жағдайда (он екі айдан астам мерзімге жасалатын не Жұмыстарды орындау мерзімі келесі күнтізбелік жылға ауысатын болса), Мердігер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың қаңтар айының 20-сына қарай өткен күнтізбелік жыл үшін орындалған Жұмыстар көлеміне аралық нақты есепті/елішілік құндылық үлесі есебін ұсынуға міндетті;

4.1.22. 4.1.21.беруді қамтамасыз етуге;

4.1.23. Тауардағы елішілік құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге;

4.1.24. Тапсырыс беруші алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, оның ішінде Жұмыстарды орындаудың күнтізбелік кестесіне (№4 қосымша), техникалық ерекшелікке (№2 қосымша) сәйкес Шартта көзделген барлық Жұмыстарды уақтылы және сапасыз орындағаны үшін жауапты болуға;

4.1.25. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, егер қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тарту шарттары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысуға өтінімде және/немесе Шартқа қосымша болатын техникалық ерекшелікте көзделсе, Жұмыстарды өз күшімен, сондай-ақ қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) күші мен құралдарымен; тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен); өз материалдарымен және құралдарымен (аспаптармен және тетіктермен, көлікпен, арнайы техникамен, аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) орындауға міндеттенеді. Мердігер Жұмыстарды қолданыстағы нормалар мен ережелердің, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып, Жұмыс аяқталғаннан кейін Жұмыс алаңынан өзінің қосалқы жабдықтарын шығара отырып орындауы тиіс;

4.1.26. Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыскерлерін тасымалдауды, Шартты орындау кезінде олардың тұруы мен тамақтануын, сондай-ақ егер Шартта өзгеше белгіленбесе, техниканы, жабдықтар мен материалдарды кез келген жерден Жұмыстарды орындау орнына дейін және кері жұмылдыруды және демобилизациялауды өз есебінен қамтамасыз етуге міндеттенеді. Өз жабдықтарын жақсы жарамды күйде ұстауға және Жұмыстарды орындау орнында Мердігердің қосалқы бөлшектерінің, жабдықтары, техникасы мен материалдарының кез келген уақытта жеткілікті қорының болуын қамтамасыз етуге;

4.1.27. Тендерлік өтінімге сәйкес қосалқы мердігерлікке берудің рұқсат етілген көлемін қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық немесе ішінара бермеуге;

4.1.28. Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, Тапсырыс берушіге Шарт шеңберінде жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін оларды тарту сәтінде ұсынуға міндеттенеді. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен, оның ішінде Тапсырыс берушінің өндірістік, еңбек тәртібін және ішкі ережелерін (ішкі еңбек тәртібі, өткізу режимі және жатақханаларда тұру ережелері және т.б.) бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігерге

4.1.29. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден объективті себептерді көрсете отырып, Мердігердің немесе қосалқы мердігердің жұмыскері болып табылатын адамды Жұмыстарды орындаудан шеттетуді сұраса, Мердігер бұл адамды Жұмыстарды орындаудан шеттетуге және Тапсырыс берушінің аумағынан 72 сағат ішінде шығаруға міндетті, содан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысы болмауы тиіс;

4.1.30. Шартты орындау үшін қажетті барлық қолданылатын материалдарды, жабдықты, көлікті және арнайы техниканы оларды қолдану және пайдалану алдында Тапсырыс берушімен келісуге;

4.1.31. Пайдаланылатын материалдардың/ қосалқы бөлшектердің/ жинақтауыштардың, конструкциялардың, жабдықтардың сапасына толық жауапты болуға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, оларды ауыстыруға және/немесе Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар еткеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде өз есебінен ақауларды жоюға;

4.1.32. Орындалатын Жұмыстардың сапасына бақылау жүргізуге, орындалатын Жұмыстардағы кемшіліктердің алдын алу мен жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

4.1.33. Тапсырыс берушінің аумағында, оның ішінде құрылыс және жұмыс алаңдарында орналасқан, Шартты орындау үшін қажетті материалдардың, жабдықтардың, құралдардың, көлік пен арнайы техниканың және т.б. (оның ішінде Жұмыстарды орындау орнында ұзақ мерзім тұрғандарының) сақталуын, сондай-ақ Жұмыстардың нәтижесін оын Тапсырыс беруші қабылдағанға дейін сақтауды өз есебінен қамтамасыз етуге;

4.1.34. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс беруші мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге;

4.1.35. Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің аумағында табылған, тарихи, археологиялық, геологиялық немесе басқа да мүдделерді білдіретін, оның ішінде құндылығы бар кез келген олжа туралы хабарлауға және оларды Тапсырыс берушіге акт бойынша тапсыруға міндеттенеді. Кез келген табылымдар Тапсырыс берушінің меншігі болып табылады;

4.1.36. Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстар туралы нақты және толық ақпарат беруге, сондай-ақ Жұмыстардың жинақтау тізімдемесін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.37. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлейді;

4.1.38. Орындалған Жұмыстардың шот-фактуралары мен актілерін уақтылы ұсынуға;

4.1.39. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Техникалық ерекшеліктің талаптарынан төмен емес деңгейде орындалатын Жұмыстардың тиімділігіне кепілдік береді

4.1.40. Орындалатын Жұмыстар бойынша тәуекелдерді, оның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей, жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалдың зардаптарын жоюға арналған шығындарды қоса алғанда, қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, сондай-ақ азаматтық-үшінші тұлғалар алдындағы құқықтық жауапкершілікті өз есебінен сақтандыруға;

4.1.41. Тапсырыс берушінің аумағында Шарттың талаптарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитарлық, өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманың талаптарын, еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы, оның ішінде Шартқа №5 қосымшада көзделген талаптарды сақтауға, Жұмыстарды еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес орындауға, Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларының орындалуын өз есебінен қамтамасыз етуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтамағаны үшін толық жауапты болуға міндеттенеді. Қажетті талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Мердігерге Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы мүмкін немесе оның Жұмыс көлемі Тапсырыс беруші қалаған жұмыстарға ғана қысқартылуы мүмкін, бұл ретте Мердігер Жұмыстардың тиісінше және уақтылы орындалмағаны үшін жауапты болады;

4.1.42. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде жіберілген бұзушылықтар үшін толық жауаптылықта болуға, сондай-ақ Мердігер және/немесе қосалқы мердігерлер жол берген, экология, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соққан заңнаманы бұзушылықтар үшін Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салатын кез келген жазаларды (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеуге, сондай-ақ экологиялық зардаптарды толық жоюға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғи ресурстарды қалпына келтіруге;

4.1.43. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Мердігер/ қосалқы мердігер жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізуге;

4.1.44. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін, сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарына байланысты рұқсат беру құжаттамасын (егер алу қажет болса), соның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей; - орындалатын Жұмыстарға арналған лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар алумен (оны алу қажет болған жағдайда) байланысты; - Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен байланысты кез келген осындай құралды, жабдықты немесе технологияны Мердігердің беруі немесе орындауы нәтижесінде немесе салдарынан орын алуы мүмкін құралдарға, жабдыққа, технологияға немесе оларды пайдалануға немесе дайындауға қандай да бір құқықтар мен басым құқықтарға қатысты кез келген патент ұстаушылар мен лицензиаттардың талаптарына байланысты барлық шығыстарды дербес көтеруге міндеттенеді. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді;

4.1.45. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Шартты орындаумен байланысты кез келген (анық) ақпаратты және құжаттарды, оның ішінде, бірақ аталғандармен шектелмей: Жұмыстарды орындауға қатысты іс-қимылдардың мәртебесі бойынша (мысалы, Мердігердің Шартты орындауға арналған материалдарды алғанын растайтын актілердің көшірмелерін және т.б.); Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) жұмыс істейтін персоналының біліктілік құрамы бойынша; Жұмыс үшін тартылатын көлік, арнайы техника, жабдық және құрылысқа және өзге де материалдарға қолданылатын олардың құқық белгілейтін және рұқсат беретін құжаттары бойынша ақпаратты және растайтын құжаттарды, сондай-ақ Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсынуға;

4.1.46. Мыналарды: а) Тапсырыс беруші үшін Жұмыстарды орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдарын; б) теріс нәтиже немесе Жұмыстарды одан әрі орындаудың орынсыздығын; в) орындалатын Жұмыстар нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды мерзімінде орындауға мүмкіндік бермейтін Мердігерге байланысты емес өзге де жағдайларды байқағанда, Тапсырыс берушіге дереу ескертуге және оның нұсқауларын алғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға міндеттенеді. Жұмыстарды орындауды жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші Жұмыстарды тоқтату туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді;

4.1.47. Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде Шарт жасалған сәттен бастап Жұмысқа тартылатын барлық көлікті техникалық құралдармен (GPS терминалдармен) жарақтандыруға міндеттенеді. Мердігердің көлігіне орнатылатын GPS терминалдары Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS мониторинг жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуі тиіс (Тапсырыс беруші техникалық шарттарды Мердігердің сұрауы бойынша ұсынады). Шарттың осы тармағының талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орнының аумағына кіруге рұқсат берілмеу мүмкін, бұл ретте Мердігер Шарт бойынша Жұмыстардың тиісті және уақтылы орындалуына жауапты болады;

4.1.48. Үшінші тұлғаларда Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген Жұмыс нәтижелеріне айрықша және өзге де құқықтардың және сәйкесінше олар бойынша ақшалай талаптардың болмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тапсырыс берушінің талап етуі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге орындалған Жұмыстардың нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды беруге міндеттенеді;

4.1.49. Мердігер (қосалқы мердігерлер) жұмыскерлерінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен байланысты емес Тапсырыс берушінің аумағында жүруіне (жүріп-тұруына) жол бермеуге;

4.1.50. Мердігердің/қосалқы мердігердің жұмыскерлеріне ауысым алдындағы медициналық қарап-тексеруді жүргізуді өз есебінен қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық кенттерді) орналастыру кезінде қауіпсіздік жөніндегі талаптарды орындауға міндеттенеді. Қауіпсіздік талаптарына мыналар жатады: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты адамның болуы;

4.1.51. Егер Шартта Жұмыстарды Қазақстан Республикасындағы жобаларға, сметаларға, жұмыс сызбаларына және қолданыстағы нормаларға сәйкес орындау көзделген жағдайда, Мердігер Жұмыстарды осы құжаттамада көрсетілген талаптарға толық сәйкес орындауға міндеттенеді;

4.1.52. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық мәліметтерді (қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға;

4.1.53. Егер мұндай тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін болса, Жұмыстарды орындау үшін қажетті отандық тауарларды сатып алуға;

4.1.54. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарын тиісінше орындамаудан, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттерден туындаған оған келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді. Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар Мердігер орындаған Жұмыстарға кінәрат қойып, соның нәтижесінде Тапсырыс берушіге айыппұл (өсімпұл) салынатын немесе залалдардың қандай да бір сомасы өндіріп алынатын болса, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұл (өсімпұл) мен залалдың сомасын дереу өтеуге тиіс;

4.1.55. Мердігер Шартта көзделген Жұмыстарды салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып орындауға, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді есептеудің уақтылығы мен дұрыстығын, сондай-ақ салық есептілігінің дұрыс жасалуы мен оның салық органына уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуге міндетті. Дұрыс емес ақпарат беруді қоса алғанда, осы Шарттың осы тармағы мен өзге ережелерін Мердігер тиісінше орындамаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса алғанда, осыған байланысты Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды өтеуге міндеттенеді. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.56. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімдері, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар өткізу шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеу (төленбеу) не расталмау фактілері анықталған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС-дан асып кету сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылса не салықтарға қосымша есептемелерге қосылған болса, онда Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті Хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтаруға бас тартылған ҚҚС-дан асып кетудің бүкіл сомасын, соның ішінде қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық есептелген өзге де салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген талап тікелей Мердігердің өзімен арадағы өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауы, қосылған құн салығының қайтарылмауы және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге салған салықтар мен қаржылық санкциялардың қосымша есептелу жағдайларына әкеп соққан Мердігердің Өнім берушілермен өзара қарым-қатынастарына да қолданылады;

4.1.57. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде босату шарттарының Мердігерге қолданылмауы себебінен төлем көзінен салық салудан босату негізсіз қолданылатынын анықтаса, онда Мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың басталу фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

4.1.58. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бейрезидент болса және Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құруды талап етпейтін мерзім шегінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтерді көрсетсе немесе Жұмыстарды орындаса, халықаралық шарттың ережелерін қолдану мақсатында мұндай бейрезидент резиденттігін растайтын құжатпен бірге Тапсырыс берушіге: құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) үзінді көшірмені немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген, бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшылары (қатысушылары) мен мажоритарлық акционерлері көрсетілген өзге де ұқсас құжатты ұсынады. Бейрезидентте шет мемлекет заңнамасының талаптарына сәйкес құрылтай құжаттары немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген сауда тізілімінде (акционерлер тізілімінде) немесе өзге де осыған ұқсас құжатта тіркеу жөніндегі міндеттеме болмаған жағдайда, мұндай бейрезидент салық агентіне: құқықтық (заңды) күшін бейрезидент тіркелген шет мемлекеттің тиісті органы растаған осындай бейрезидентті құру үшін негіз болған құжатты (актіні) не барлық қатысушыларының атауы және қатысушысы бейрезидент болып табылатын, шоғырландырылған топтың қатысушылары құрылған географиялық орналасқан жері (мемлекеттердің (аумақтардың)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

атаулары) және шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлері көрсетілген шоғырландырылған топтың ұйымдық құрылымын көрсететін өзге де құжатты ұсынады

4.1.59. Мердігер тиісті сұрау алған сәттен бастап 2 (екі) күннен кешіктірмей, Тапсырыс берушіні Жұмыстардың орындалу барысы туралы хабардар етуге, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға;

4.1.60. Егер залал белгіленген тәртіппен дәлелденсе және күшіне енген сот актісімен расталса, Мердігер жұмыскерлері персоналының қызметтік міндеттерін атқару кезінде де, олармен байланысты емес іс-қимылдарынан, соның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кездегі заңсыз әрекеттерінен келтірілген залалды 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге міндеттенеді. Залалды өтеу Мердігердің қаражаты есебінен, оның ішінде барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша Тапсырыс берушінің Мердігерге төлеуіне тиес сомалар есебінен жүргізілуге тиіс. Осы тармақ Мердігер Жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тартқан және Мердігер осы Шарт бойынша жауапты болатын барлық қосалқы мердігерлерге де қолданылады;

4.1.61. Құрылыс және жұмыс алаңын тазалауды, Жұмыстарды орындау кезеңінде де, олар аяқталғаннан кейін де барлық қалдықтар мен құрылыс қоқыстарын жинауды, әкетуді, кәдеге жаратуды өз есебінен қамтамасыз етуге;

4.1.62. Мемлекеттік қадағалау органдарымен Жұмыстарды жүргізу тәртібін, Тапсырыс берушінің персоналын оқытуды, сондай-ақ жабдықты іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай Жұмыстар Шартта көзделген жағдайда) кейіннен Тапсырыс берушіге бере отырып келісуге;

4.1.63. Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында/келісімшарттан тыс аумағында көлік құралдарының, арнайы техниканың және персоналдың кіруі/шығуы кезінде, сондай-ақ жүріп-тұруы/болуы кезінде Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ресімделген жүріп-тұруға рұқсаттама(лар) беруге, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талап етуі бойынша Тапсырыс берушінің және/немесе оның өкілінің (корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Мердігердің көлік құралдары мен арнайы техникасын, оның ішінде тиісті құжаттарды толық қарап-тексеруге міндеттенеді. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа не күзетілетін объектіге жібермеуге, сондай-ақ оларды аумақтан шығарып жіберуге немесе Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда, ҚР Құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы;

4.1.64. Шарттың нысанасы жобалау алдындағы жұмыстарды, жобалау жұмыстарын сатып алу болған жағдайда, Мердігер индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің (болған кезде) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, жабдықтарды, бұйымдар мен конструкцияларды жобалау алдындағы және/немесе жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында көрсетуге тиіс;

4.1.65. Мердігердің есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сына дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді, сондай-ақ Мердігер жұмыскерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығыстардың ұлғайғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынуы Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады;

4.1.66. Мердігердің тиісті жұмыскерлеріне Шарттың қолданылу кезеңіне Мердігердің тендерлік өтінімінде көрсетілген жалақы белгілеуге міндеттенеді. Мердігердің есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сына дейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелерді тоқсан сайын беруі Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемені орындағанын растау болып табылады;

4.1.67. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және бұдан әрі ай сайын Тапсырыс берушіге олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Мердігермен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпарат беруге міндеттенеді. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркеу үшін тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады;

4.1.68. Жұмыстарды орындау кезеңінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес (егер Шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату жұмыстарын орындауды көздесе) қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерге қажетті ақы төлеуге міндеттенеді

4.1.69. Егер Шарттың нысанасына орындалуы кезінде тауарлар Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – ҰКП) келісімі бойынша Қордың сатып алу жөніндегі операторы бекіткен тауар өндірушілерден сатып алынатын Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесіндегі жұмыстар кірсе, Мердігер тиісті тізбеге енгізілген жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер ашу жобасын іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Жұмыс шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін ҰКП-мен келісім бойынша Қордың Сатып алу жөніндегі операторы бекітеді. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені орындамағаны үшін міндеттемелерді бұзумен сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, Орындалған жұмыстардың тиісті (түпкілікті) актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Мердігер оны төлеуге тиіс немесе оны Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін. Мердігердің Тараптар Орындалған жұмыстардың тиісті

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(түпкілікті) актісіне, сатып алынатын тауарлардың өндірушісінен(өндірушілерінен)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың) көшірмесіне(көшірмелеріне) қол қойған күнге дейін тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындағанының растамасы болып табылады. тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері Шарт талаптарында келісілген Мердігердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Мердігердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге жаңа өндірістер құру жобасын іске асыратын тауар өндіруші/ ұйым ұсынған тауар(лар) бағасынан құны төмен болатын тауар(лар)ды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) және қабылдау-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады;

4.1.70. Ұзақ мерзімді (он екі айдан астам мерзімге) Шарт жасасу кезінде Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталған күннен бастап бір ай мерзімде «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша Жұмыстарды орындау кезінде тартылған Мердігердің/қосалқы мердігер(лер)дің басшылары мен инженерлік-техникалық жұмыскерлерін оқытуды өз есебінен ұйымдастыруға міндетті;

4.1.71. Егер Шарттың нысанасы белгіленген тәртіппен бекітілген сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы бар құрылыс-монтаж жұмыстарын сатып алу болып табылса, Мердігер сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сәйкес монтаждауға, салынып жатқан объектіні жарақтандыруға және (немесе) құрылыс кезінде тұтынуға жататын тауарларды сатып алынатын тауардың өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Веб-порталда келтірілген коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алуға міндетті. Мердігер Тапсырыс берушімен Шарт жасасқан күнге дейінгі мерзімде (тендер қорытындылары бойынша) коммерциялық ұсыныстарды тауардың бағасы мен сипаттамаларының сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Тауардың бағасы мен сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігер сатып алынатын тауардың өндірушісімен және/немесе тендер қорытындылары шығарылатын күнге ең төмен баға берген, сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте коммерциялық ұсыныстар тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін берілген жағдайда, коммерциялық ұсыныс берілген кезде ұсынылатын тауарларды жеткізуге арналған шарт болған жағдайды, сондай-ақ тауардың бағасы мен сипаттамалары сметалық, жобалау алдындағы, жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген жағдайды қоспағанда, Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені орындамағаны үшін Шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, Орындалған жұмыстардың тиісті (түпкілікті) актісіне Тараптарқол қойғанға дейін Мердігер оны төлеуге тиіс немесе оны Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін. Мердігердің Тараптар Орындалған жұмыстардың тиісті (түпкілікті) актісіне, сатып алынатын тауарлардың өндірушісінен(өндірушілерінен)/сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан(ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың(шарттардың) көшірмесіне(көшірмелеріне) қол қойған күнге дейін тауарларды қабылдау-беру актілерін ұсынуы Мердігердің осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындағанының растамасы болып табылады;

4.1.72. Орындалған жұмыстар актісімен бірге қалдықтарды кәдеге жаратуды растайтын залалсыздандыру актісін және кәдеге жарату актісін, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төленгені жөніндегі нотариалды куәландырылған салық декларацияларының көшірмелерін (егер Шарт қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату жұмыстарын орындауды көздесе) ұсынуға;

4.1.73. Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Шартқа өзгерістер енгізілген кезде Шартты орындау үшін тартылған Мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарын сәйкесінше ұлғайтуға міндеттенеді.

4.1.74. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

4.1.75. Шартта көзделмеген, бірақ Шарт бойынша Жұмыстарды орындау талаптарынан туындайтын өзге де міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

4.1.76. Мердігердің Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған еңбек жалақысы мен шығындарын ұлғайтуды қамтамасыз етуге және осы міндеттеуді орындауды растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлері аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай зейнетақы қорынан үзінді көшірмені _____ мерзімнен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынуға (Тәртіпке сәйкес қолданылады);

4.1.77. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

4.1.78. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді);

4.1.79. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қараптексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) жүргізуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.80. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді) қамтамасыз етуге;

4.1.81. Тәртіпке сәйкес жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада индустриалды-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (болған кезде) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, бұйымдарды және конструкцияларды көрсетуге міндеттенеді.

4.2. Мердігердің:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Егер Шартта авансты төлеу (алдын ала төлем) және/немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделсе, Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды және/немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуге;

4.3.6. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.7. Орындалған Жұмыстарды Орындалған жұмыстар актісі бойынша Мердігерден көрсетілген құжат алынғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдап алуға, не көрсетілген мерзімде орындалған Жұмыстарды қабылдаудан дәлелді бас тарту жіберуге міндеттенеді. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған жағдайда, оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктердің тізбесін Мердігерге жіберуге;

4.3.8. Орындалатын Жұмыстардың көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылауды және техникалық қадағалауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

4.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

4.4.7. Осы Шартта және оған Қосымшаларда көрсетілген Жұмыстарды сапалы және уақтылы орындауды және Жұмыстарды орындау барысында немесе одан кейін кемшіліктерді жоюды талап етуге;

4.4.8. Жұмыс барысында немесе одан кейін кемшіліктерді жоюды талап етіңіз;

4.4.9. Мердігер кемшіліктерді жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Жұмыстарды (немесе оның бір бөлігін) орындаудың аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге;

4.4.10. Кез келген уақытта Жұмыстардың барысы мен сапасын/ Шарт талаптарының сақталуын, Жұмыстарды орындау мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың болуы мен сапасын, автокөлік пен арнайы техниканың болуын, Мердігер (қосалқы мердігерлер) мамандарының біліктілігін және т.б. өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып тексеруге, бұл ретте Мердігер тиісті кіру құқығын қамтамасыз етуге тиіс. Тапсырыс беруші шарттық міндеттемелердің талаптарына сәйкессіздіктер мен бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші анықталған бұзушылықтарды Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілдері қол қоятын тиісті актіде көрсетеді (Мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Шартта көзделген тиісті шараларды қолданбауға негіз болмайды), бұл ретте көрсетілген сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Мердігер (қосалқы мердігер) Жұмыстарды орындау үшін өндірістік объектілерге кіргізілмеуі мүмкін;

4.4.11. Ескертулер болған жағдайда, олар толық жойылғанға дейін Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюдан бас тартуға;

4.4.12. Мердігердің атауын, шоттың нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ сұрау салуы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты қамтитын банктік үзінді көшірмені «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ қауіпсіз мекенжайына ұсынуға;

4.4.13. Мердігерден шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға;

4.4.14. Мердігерден Шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін сұратуға құқығы бар. Бұл ретте Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге тыйым салынады;

4.4.15. Мердігермен келісім бойынша Жұмыстарды орындау үшін қолданылатын қолда бар материалдар мен басқа да мүлікті өзара есеп айырысу есебіне жіберуге;

4.4.15.1. Шарттың қолданылу кезеңінде кез келген уақытта 9.3-тармаққа сәйкес шартты бұзудың болжамды күніне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзу. осы Шарттың;

4.4.15.2. қосымша келісім жасау арқылы жұмыс қажеттілігін азайтыңыз. Бұл ретте 4.4.15.1-тармақта көрсетілген жағдайларда. және 4.4.15.2. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстардың нақты көлемі үшін мердігерге ақы төлейді;

4.4.16. Егер Тапсырыс берушіде Жұмыстарды азайтуға қажеттілік пайда болса, соның ішінде мұнай бағасы конъюнктурасы төмендеген кезде, Тапсырыс беруші

4.4.17. Анықталған бұзушылықтар немесе сәйкессіздіктер толық жойылғанға дейін Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларының талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамағаны үшін Тапсырыс берушінің объектілеріне Мердігердің немесе қосалқы мердігер(лер)дің персоналы мен көлік құралдарының кіруін шектеуге;

4.4.18. Кез келген уақытта және Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағындағы/келісімшарттан тыс аумағындағы жерде/объектіде Шарт талаптарына сәйкес барлық көлік құралдары мен арнайы техниканы тиісті құжаттармен (ҚР көлік құралын тіркеу туралы куәлік, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көлік жүкқұжаты, ТМҚ қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) тексеруге және қарауға. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні келісімшарттық аумаққа не күзетілетін объектіге жібермеуге, сондай-ақ оларды аумақтан шығарып жіберуге немесе Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында құқық бұзушылық, қылмыс анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасы Құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы.

5. Техникалық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы талаптар

5.1. Мердігер:

5.1.1. Жұмыстардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Тапсырыс берушінің еңбек қатынастары саласындағы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) регламенттейтін құжаттарына, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға сәйкес орындалуын қамтамасыз етуге;

5.1.2. Тапсырыс беруші, мемлекеттік бақылаушы органдар, өзге де мүдделі тұлғалар алдында қауіпсіздікті, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды басқару, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану жүйесінің талаптарын сақтамау және еңбек қатынастары саласындағы бұзушылықтардың нәтижесінде пайда болған ықтимал оқиғалар және олардың салдары үшін толық жауапты болуға;

5.1.3. Мемлекеттік бақылаушы органдар Мердігер мен оның жұмыскерлерінің қызметі нәтижесінде болған оқиғалардың салдарынан Тапсырыс берушіге залалды өтеу және айыппұл санкцияларын төлеу бойынша талаптар қойған жағдайда, залал сомалары мен айыппұлдарды төлеумен байланысты барлық шығыстарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

5.1.4. Қауіпті қалдықтарды тасымалдау кезінде экологиялық талаптарды сақтауға;

5.1.5. Шарт талаптарын, Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының (Саясаттар, Қағидалар, оның ішінде Алтын ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.) талаптарын, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы еңбек және экологиялық заңнаманың талаптарын сақтауға, Жұмыстарды қауіпсіз орындау тұжырымдамасын қолдауға және нөлдік жарақаттануға ұмтылуға міндетті. Мердігер осы бөлімде және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында көзделген қажетті шарттарды, талаптар мен стандарттарды сақтамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұза отырып, қалған Жұмыс көлемін орындауға тыйым салуға не тыйым салу үшін негіз болған себептер жойылғанға дейін Жұмыстарды орындауды тоқтата тұруға құқылы немесе Жұмыс көлемі Тапсырыс беруші қалаған жұмыстарға ғана қысқартылуы мүмкін мүмкін. Бұл ретте Мердігер Шарттың мерзіміне сәйкес Жұмыстардың уақтылы орындалуы үшін жауапты болады;

5.1.6. Жұмыстардың тиісті сападағы мамандандырылған көлікпен және жабдықпен орындалуын қамтамасыз етуге;

5.1.7. Мердігерге қажетті барлық рұқсат құжаттарын, соның ішінде мемлекеттік және өзге де органдардан Шарт бойынша Жұмыстарды орындауға арналған лицензияларды, сертификаттарды және өзге де рұқсаттарды, соның ішінде еңбек қызметі Жұмыстарды орындаумен байланысты Мердігердің барлық жұмыскерлері, агенттері немесе Мердігердің қызмет көрсетуші жұмыскерлері үшін кіру визаларын, тұру рұқсаттарын, жұмыс істеуге рұқсатын өз есебінен алуға, толық күшінде және жарамды күйінде ұстауға;

5.1.8. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, Жұмыстар орындалатын объектінің өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті;

5.1.9. Мердігер Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін жеткілікті персоналдың тұрақты болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Жұмыстарды орындауға қатысатын Мердігердің кез келген персоналын мынадай жағдайларда ауыстыруға тиіс: • өз міндеттерін орындау кезінде қабілетсіздік немесе немқұрайлылық танытса немесе Тапсырыс берушінің мүдделеріне қайшы келетін немесе зиян келтіретін қызметке қатысса; • еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шарттың талаптарын сақтамаса.

5.1.10. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ бойынша барлық ішкі талаптарының орындалуын, ал қажет болған жағдайда, Мердігердің қызметін Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі іс-шаралар жоспары Тапсырыс берушінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ қызметімен келісілуі және оларды Мердігер мен Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері бекітуі тиіс;

5.1.11. Жұмыстарды орындау алдында Мердігер жұмыскерлерінің дайындығын және заңнамалық талаптарға сәйкес денсаулық жағдайын ауысым алдындағы/ рейс алдындағы медициналық куәландырудан өтудің тиісті тәртібін қамтамасыз етуге;

5.1.12. Тапсырыс берушіге Жұмыстарды орындау учаскесінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын орындауға жауапты өзінің уәкілетті өкілінің және Мердігердің басқа да жұмыскерлерінің аты-жөнін хабарлауға;

5.1.13. Осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге қосалқы мердігердің Шартта көрсетілген ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат беруге және Тапсырыс берушіден Шарттың 3.3-тармағына сәйкес кіру рұқсатын алуға міндетті. Мердігер қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттарға осы бөлімде

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

көзделген талаптарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер қосалқы мердігерлермен жасалған шарттардың көшірмелерін ұсынуға және Тапсырыс берушіде мәтін бойынша ескертулер болған жағдайда, шартқа тиісті өзгерістер енгізуді қамтамасыз етуге міндетті;

5.1.14. Мердігердің барлық жұмыскерлерінің Жұмысты сапалы орындау үшін қажетті тиісті кәсіптерде тәжірибесі мен біліктілігі болуын, еңбек тәртібін сақтауын және Тапсырыс берушінің Жұмысқа немесе оны орындауға қатысты барлық белгіленген заңнамалық талаптар мен ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы талаптарды орындауын қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер Жұмыстарды өз қызметін жүзеге асыратын саланың (индустрияның) ең жоғары стандарттары бойынша орындауы тиіс. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер өз есебінен Жұмыс учаскесіне кіру үшін қажет болуы мүмкін Мердігер жұмыскерлерін қосымша оқытуды (мысалы, жүргізушілер үшін қорғаныштық және қысқы жүргізу) қамтамасыз етеді;

5.1.15. Не болса да, және Тапсырыс берушінің міндеттерін елемеуіне немесе ұқыпсыздығына қарамастан, Мердігердің және (немесе) Қосалқы мердігерлердің жұмыскерлерінің денсаулығы мен өміріне келтірілген залалға, Мердігердің жабдығын немесе мүлкін жоғалтуға, бүлдіруге немесе пайдаланудың мүмкін болмауына қатысты кез келген және барлық жауапкершіліктен, залалдан, рекламациядан немесе шығындардан (сот шығындары мен шығыстарын қоса алғанда) қорғауға, өтеуге және болдырмауға міндетті,, өйткені осы кіші бапқа сәйкес Жұмыстарды орындау үшін Мердігер жалдайтын немесе беретін барлық жабдық Мердігердің жабдығы немесе меншігі болып саналуы керек;

5.1.16. Мердігердің жұмыскерлерінен, Мердігердің жабдығынан немесе мүлкінен қоршаған ортаның кез келген ластануына байланысты туындайтын кез келген жауапкершіліктен немесе шығындардан қорғауға, өтеуге және болдырмауға міндетті;

5.1.17. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде Мердігер өз есебінен Шарттың қолданылу мерзімі ішінде заңнамалық талаптарға сәйкес сақтандыруды қамтамасыз етуге және сақтандыруды қолдауға және Тапсырыс берушіге сақтандыру полистерінің куәландырылған көшірмелерін ұсынуға тиіс, ол мыналарды қамтиды, бірақ аталғандармен шектелмейді: 1) Жұмыс берушінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жауапкершілігін сақтандыру; 2) Кәсіптік қызмет барысында шығындарды сақтандыру; 3) Үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру; 4) жұмыстарды жүргізу/ қызметтер көрсету кезінде пайдаланылатын көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру; 5) Экологиялық сақтандыру; 6) Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті сақтандырудың кез келген басқа түрлері.

5.2. Оқиғалар, ағымдағы көрсеткіштер туралы ақпараттандыру және тергеу жүргізу саласында:

5.2.1. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек және(немесе) білікті медициналық көмек көрсету жағдайларын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ/Тапсырыс берушінің Алкогольге, есірткіге, психотроптық заттарға және олардың аналогтарына қатысты саясатының бұзылуын қоса алғанда, барлық оқиғалар туралы мәліметті Тапсырыс берушіге дереу, олар анықталған сәттен бастап 1 сағаттан кешіктірмей ұсынуға;

5.2.2. Заң талаптарына, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес оқиғаларды тергеуді ұйымдастыруға міндетті. Оқиғаларды тергеп-тексеруді заңнамалық талаптарда және Тапсырыс берушінің Ішкі талаптарында көзделген тәртіппен Тапсырыс беруші, Мердігер және тартылатын қосалқы мердігерлер өкілдерінің (қажет болса), сондай-ақ заңнамада көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдар өкілдерінің міндетті қатысуымен комиссия жүзеге асырады. Тергеу комиссиясына қатысудан бас тартуға жол берілмейді;

5.2.3. Ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 7 (жетісіне) дейінгі мерзімде Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылайтын адамның жазбаша сұрау салуы бойынша, есептілік нысандарына сәйкес, денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы өз жұмысының нәтижелері туралы мынадай мәліметті қамтитын ақпаратты жедел ұсынуға: • Тапсырыс берушінің объектілеріндегі жұмыс уақытын жоғалтатын барлық жазатайым оқиғалар (өндіріспен байланыстылары және байланысты еместері), жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ оқиғалар (авариялар, өрттер, жарылыстар, мұнай мен мұнай өнімдерінің төгілуі туралы, адамдардың өмірі мен денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға залал келтірген жағдайлар, мүлік пен жабдыққа келтірілген материалдық залал); • Тапсырыс берушінің объектілерінде Жұмыстарға (қызметтер көрсетуге) тартылатын Мердігер жұмыскерлерінің саны, Жұмыстарды жүргізу орнында Мердігер персоналы жұмыс істеген жұмыс уақытының саны; • автотехниканың жалпы саны, сондай-ақ Тапсырыс беруші үшін Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің автокөлік құралдарының жиынтық жүрісі; • еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен жұмыскерлердің саны бойынша; • еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларға арналған шығындар бойынша.

5.2.4. Мән-жайы Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындайтын Мердігердің қызметімен тікелей немесе жанама байланысты болатын және Тапсырыс беруші оның ішкі рәсіміне сәйкес тергеу жүргізуге бастама жасаған оқиғаны тергеуге қатысуға міндетті. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде Жұмыстарды орындау кезінде Мердігерде болған оқиғалардың тікелей және түпкі себептерін тергеу және талдау жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің жауапты тұлғасын енгізуге міндетті.

5.3. Көлік қауіпсіздігі саласында:

5.3.1. Тапсырыс берушінің кен орнындағы Мердігердің арнайы техникасы, автомашиналары және/немесе автобустары жақсы техникалық жұмыс күйінде болуы, қауіпсіздік техникасының барлық талаптарына сай болуы, сондай-ақ GPS терминал жүйесімен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жабдықталуы тиіс. Мердігер көлік құралдарының барлық GPS терминалдарын «Көлікпен қамтамасыз етуді есепке алу» ақпараттық жүйесімен (ККЕАЖ) интеграциялау үшін - жылдамдық режимін бақылау, жол парақтарын есепке алу және қозғалыс қауіпсіздігі үшін қажетті басқа да параметрлер үшін жол парағында көрсетілген маршрут мониторингі үшін Тапсырыс берушінің Бірыңғай GPS мониторинг платформасына қосуы тиіс. Мердігер қауіпті жүктерді (сұйытылған көмірсутек газы, мұнай, газ конденсаттары, қалдықтар және т.б.) тасымалдайтын көлік құралдарын осы тасымалдарға мониторинг жүргізетін Тапсырыс берушінің диспетчерлік қызметіне қосыла отырып, цистерналардағы сұйықтық деңгейін үздіксіз өлшеуді қамтамасыз ететін GPS терминалдар жүйесіне байланған өлшеу құралдарымен қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер автокөліктің барлық түрлеріне белгілі бір автокөліктің мердігерлік ұйымға тиесілігін жедел анықтау үшін тану белгілерін (логотиптер, тақтайшалар, т.б.) орнатуы тиіс. Автокөлік құралдарының шиналарының протектор үлгісінің биіктігі жол жүру ережелерінің талаптарына сәйкес келетіндей жеткілікті болуы тиіс, қыс мезгілінде – алдыңғы және артқы қысқы шиналары болуы тиіс;

5.3.2. Мердігер: • жүргізушілерді оқытуды және олардың жеткілікті біліктілігін; • көлік құралдарына ТҚК тұрақты өткізуді; • жүргізушілерді мерзімді медициналық тексеруден өткізуді; • жолаушыларды, багажды, жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тұрақты және тұрақты емес тасымалдау маршруттарында жұмыс істейтін көлік құралдарының жүргізушілеріне рейс алдындағы және рейстен кейінгі тексерулер жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс.

5.4. Жеке қорғаныш құралдарын (ЖҚҚ) қамтамасыз ету және қолдану саласында:

5.4.1. Мердігердің бүкіл персоналы жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етілуі және оларды Жұмыс жүргізілетін жерде тұрғын үй жайлардан тыс жерде болған кезде пайдалануы тиіс;

5.4.2. Тапсырыс берушінің объектілеріне Жұмыстарды орындау үшін бірінші рет келетін Мердігердің бүкіл персоналы кәсіпшіліктегі ЕҚжҚ инженерінен немесе Тапсырыс берушінің осы үшін арнайы уәкілеттік берілген басқа адамнан кіріспе нұсқаулықтан өтуі тиіс;

5.4.3. Жұмыстарды жүргізу орнында Мердігер персонал азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі саласында тиісті оқыту және аттестаттау фактісін растайтын белгілері бар куәлігін өзімен алып жүруге тиіс;

5.4.4. Мердігерде азаматтық қорғау және еңбекті қорғау қауіпсіздігі бойынша оқыту мен аттестаттауды өткізу, Тапсырыс берушінің объектілерінде Жұмыстарды орындайтын персоналға нұсқама беру кестесі болуы және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің бірінші талап етуі бойынша оларды көрсетуі тиіс.

5.5. Алкогольді, есірткіні және улы заттарды қолдануға тыйым салу:

5.5.1. Мердігер:алкогольден, есірткіден немесе уыттан мас күйіндегі персоналды Жұмысқа жібермеуге (Жұмыстан шеттетуге); • өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, Жұмыс жүргізілетін жерге және персоналдың тұратын жеріне алкогольді, есірткі немесе уытты заттарды алып кіруге және олардың болуына жол бермеуге міндетті.

5.5.2. Көрсетілген шектеулерді бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші Жұмыс жүргізілетін жерге және персоналдың тұратын жеріне жеткізілетін барлық көлік құралдарын, заттар мен материалдарды тексеруге және қарауға құқылы;

5.5.3. Егер осындай қарап тексеру нәтижесінде аталған тыйым салынған заттар болса немесе персонал мас болса, онда олар Жұмыс жүргізілетін немесе тұратын жеріне жіберілмейді.

5.6. Еңбек қатынастары саласында:

5.6.1. Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында Мердігер Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын, оның ішінде: 1) Еңбек шарттарын жасасу тәртібі, олардың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптар; 2) Адамды еңбек шарты жасалғаннан кейін ғана жұмысқа жіберу; 3) Жұмыс уақытының ұзақтығы және жұмыс уақытының режимі; 4) Ауысымдық жұмыс және жұмысты ұйымдастырудың вахталық әдісі; 5) Түнгі уақыттағы жұмыс және үстеме жұмыс; 6) Жұмыскерлердің демалыстары; 7) Еңбекке ақы төлеудің ең төменгі мөлшері және еңбекке ақы төлеу саласындағы кепілдіктер; 8) Еңбекақы төлеу тәртібі мен мерзімдері бөлігінде мүлтіксіз орындауға міндеттенеді.

5.6.2. Өндіріс мәдениетінің, денсаулық сақтаудың заманауи деңгейін қамтамасыз ету, еңбек қабілеттілігі мен өнімділігін арттыру мақсатында өз жұмыскерлері үшін мынадай әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге міндеттенеді: 1) Шартты орындау кезінде тартылған Мердігердің өндірістік қызметінің барлық орындарында ыстық тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз ету, атап айтқанда,: - жұмыскерлерді қанағаттандыратын сапалы тамақтандырумен қамтамасыз ету, күнделікті бақылауды ұйымдастыру. Тағамның сіңімділігі жоғары, дәмі жақсы, пайдаланылатын өнімдері әртүрлі, тиісті химиялық құрамы ағза қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын болуы тиіс. Ауыр дене еңбегіндегі жұмыскерлер үшін энергия, ақуыздар, майлар мен көмірсулар бойынша ұсынылатын тұтыну күніне 3450-ден 3600 ккал-ға дейін болуы тиіс. Осыған байланысты жұмыскерлерді тамақтандыру рационы жұмсалған энергияны толықтыратын болуы тиіс және бір түскі асқа (кешкі ас) 1500 ккал-дан кем болмауға тиіс; - деформацияланған, жиегі шытынаған, жарылған, сынған, эмалі зақымдалған ас үй және асхана ыдыстарын; алюминийден жасалған асханалық аспаптарды; азық-түлік тураға пластмассадан және сығымдалған шереден жасалған тақтайларды пайдалануға жол бермеу; - тамақ дайындау орындары санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс, термостық тамақтану жағдайында сонымен қатар Мердігер жұмыскерлерінің тамақ дайындау мен қабылдаудың барлық кезеңдерінде жоғарыда көрсетілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету қажет. 2) Тапсырыс берушінің объектілерінде (жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын қаладан тыс елеулі қашықтықта орналасқан объектілерде) жұмыс істейтін жұмыскерлерді тұрғын жаймен қамтамасыз ету, атап айтқанда: -

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерді жұмыс жүргізу объектісінде болған кезеңде тұрғын жаймен қамтамасыз ету. Жатақханалардың тұрғын бөлмелерінің ауданы бір адамға кемінде 6 м2 есебінен айқындалады; - аптасына кемінде 1 рет төсек жабдықтарын, сүлгілер мен басқа да жұмсақ мүкәммалды ауыстыру - жуу, зарарсыздандыру құралдарын қолдана отырып, құрғақ және ылғалды жинау – қажеттілігіне қарай күн сайын, бірақ күніне 1 реттен кем емес; - өрт қауіпсіздігі шараларын, ішкі өртке қарсы қорғау жүйесі бар өрт сигнализациясы мен түтін сезбектерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету; - электр техникалық жабдықтар мен желілердің, салқынмен-жылумен жабдықтау жүйелерінің, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйелерінің, желдету жүйелері жұмысының үздіксіз және авариясыз жүргізілуін, сондай-ақ алдын алу жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз ету; - санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес жатақханаларды таза ұстау үшін жуу, зарарсыздандыру құралдарымен (ҚР-да қолдануға рұқсат етілген) және қағаз сүлгілермен, дәретхана қағаздарымен, материалдық-техникалық жарақтандырумен қамтамасыз ету. Мердігерде жұмыскерлерді Тапсырыс берушінің объектілерінде (жұмыс процесі вахталық әдіспен жүзеге асырылатын қаладан тыс жерде орналасқан объектілерде) тұрғын жаймен қамтамасыз ету үшін өз үй-жайлары болмаған жағдайда, Мердігер өз жұмыскерлерін тұрғын жағдайларымен қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс берушінің көрсетілген объектілеріндегі тұрғын үй-жайларды пайдалануға рұқсат алу үшін шаралар қолдануға міндетті. 3) Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істейтін жұмыскерлерді Тапсырыс берушінің объектілеріне жеткізу, сондай-ақ объектілер арасында жүріп-тұру үшін көлікпен қамтамасыз ету, бұл ретте: - Мердігердің жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға және көлік қызметін көрсетуге арналған барлық рұқсат құжаттары болуы тиіс; - жолаушыларды тасымалдауға арналған көлік құралдарының жинақталымы: ауаны баптау және/немесе желдету жүйесі, жылыту жүйесі, жұмсақ орындықтар, автобустар мен шағын автобустардың салондары таза болуы, отырғыштары бүлінбеген және реттелетін болуы тиіс; - көлік құралдары жайлылық талаптарына сай болуы, барлық жолаушылар үшін қауіпсіздік белдіктерінің болуы және жазғы және қысқы мезгілдерде толық техникалық жабдықталуы тиіс. 4) Мердігердің міндеттемелерді Шарт талаптарына толық сәйкестікте орындауын қамтамасыз ету үшін жұмыскерлерді қажетті мөлшерде және жарамды күйдегі еңбек құралдарымен, атап айтқанда: еңбек құралдарымен немесе механикалық еңбек құралдарымен (білдектермен, машиналармен, жабдықпен, аспаптармен және т. б.) қамтамасыз ету.

5.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігердің Жұмыстарды орындау процесін тоқтата тұруына тыйым салынады;

5.6.4. Жұмыстарды орындау үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Мердігер өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайлармен байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді;

5.6.5. Мердігер жұмыскерлердің жұмысын еңбек жанжалдары туындаған кезде Жұмыстар толық тоқтамайтындай етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті;

5.6.6. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындау кезінде кідірістерді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақтылы оқытуға міндетті;

5.6.7. Мердігердің өз күшімен реттеуге болмайтын еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тезірек шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті

5.6.8. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда, Тапсырыс берушіге жұмыскерлердің алға қойған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін документыстігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсынуға міндетті.

5.7. Жұмыскерлер арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу мақсатында Мердігердің жұмыскерлермен өзара іс-қимыл тәртібі

5.7.1. Мердігер жұмыскерлерінің арасындағы көңіл-күй туралы ақпаратты уақтылы алу және жұмыскерлерді ұйымның қызметі туралы хабардар ету мақсатында Мердігер ішкі коммуникациялардың мынадай тетіктерін қамтамасыз етеді: 1) Мердігердің бірінші басшысы жыл сайын бірінші жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 1 қыркүйекке дейін және жылдың қорытындылары бойынша 1 наурызға дейін өзінің жұмыскерлерімен әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелері бойынша кездеседі, онда еңбек ұжымы Мердігердің өндірістік көрсеткіштері туралы хабардар етіледі, ал Мердігердіңң басшылығы жұмыскерлердің сұрақтары мен ұсыныстарын жинайды, оларға жауап береді; Мердігердің бірінші басшысы өз ұйымының жұмыскерлерін жеке мәселелер бойынша айына кемінде бір рет қабылдауды жүзеге асырады; 2) Мердігер өз жұмыскерлері өтініштерінің қаралуын және өтініш берушілердің қабылданған шешімдер туралы жауаптар алуын қамтамасыз етеді.

5.8. Тапсырыс берушінің Мердігердің Шарттың 5.6 - 5.9-тармақтарында көзделген осы талаптардың ережелерін сақтауына тексеру жүргізу тәртібі.

5.8.1. Тапсырыс беруші Мердігердің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және осы талаптардың ережелерін сақтауы тұрғысынан тексерулер, оның ішінде Шарттың 5.6 – 5.9-тармағында көзделген жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жүргізуге құқылы. Тексеру нәтижелері осы Шартқа №6 қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша Тексеру парағын жасау арқылы ресімделеді. Жоспарлы тексерулер жылына кемінде 1 рет жүргізіледі. Жоспардан тыс тексерулер Мердігер жұмыскерлерінің заңды құқықтарды бұзу туралы келіп түскен өтініштер мен арыздары; бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар; мемлекеттік органдардан және өзге де көздерден, оның ішінде Тапсырыс берушінің лауазымды адамдарынан келіп түскен мәліметтер негізінде

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жүргізіледі. Тапсырыс беруші тексерулер жүргізу барысында Мердігер: - Тапсырыс берушіге өзекті және дәйекті деректерді ұсынуға; - Тапсырыс берушінің әлеуметтік-тұрмыстық және өндірістік сипаттағы барлық объектілерге кіруін қамтамасыз етуге міндетті.

5.9. Мердігердің еңбек қатынастары саласындағы ілеспе міндеттемелері

5.9.1. Мердігер: - әлеуметтік-тұрмыстық сипаттағы жағымсыз көріністердің пайда болуының ықтимал факторларын, себептерін, жағдайларын және алғышарттарын анықтау және тіркеу тұрғысынан еңбек ұжымындағы ахуалға үздіксіз мониторингті және талдауды жүзеге асыруға; - еңбек ұжымында әлеуметтік наразылықтың туындауының нақты және ықтимал тәуекелдерін зерттеуге, бағалауға және болжауға; - қандай да бір әлеуметтік-еңбек жанжалдары пайда болған немесе қызған жағдайда, Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндеттенеді. Бұл ретте, жұмыскерлердің өкілдерімен келіссөздер жүргізу процесіне кірісіп, туындаған жағдайды қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешу бойынша шаралар қабылдауға; - Тапсырыс берушінің объектілеріндегі жұмысқа тартылатын қосалқы мердігерлік ұйымдарға ұқсас талаптар қоюға міндеттенеді.

5.10. Қоршаған ортаны қорғау саласында:

5.10.1. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 339-бабына сәйкес Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде пайда болған өндіріс және тұтыну қалдықтарының (мұнай шламын қоспағанда), оның ішінде өз шикізаты мен материалдарының да, Тапсырыс беруші ұсынған және Тапсырыс беруші пайдаланылғаннан кейін қалдықтар ретінде танығаны шикізат пен материалдардың да қалдықтарының меншік иесі болып табылады. Жоғарыда көрсетілген қалдықтарды тасымалдауды Мердігер дербес не Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, мамандандырылған ұйымды тарта отырып жүзеге асырады. Резервуарларды, сыйымдылықтарды, кәсіпшілік мұнай құбырларын және басқа да объектілерді тазарту жұмыстарын орындау кезінде пайда болған мұнай шламдары Мердігердің күшімен және құралдарымен Тапсырыс берушінің мұнай шламын уақытша сақтау полигонына әкетіледі. «Ластаушы төлейді» қағидатына сәйкес, Тараптар қалдықтарды экологиялық заңнамаға сәйкес қалдықтарды қалпына келтіру немесе жою операцияларын жүзеге асыратын тұлғаға иелік етуге бергенге дейін қалдықтарды басқару жөніндегі экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапты болады;

5.10.2. Егер Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс берушінің аумағында Мердігердің өндірістік базасы және/немесе тұрғын кенті орналастырылатын болса, Мердігер Тапсырыс берушінің аумағында тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, өндірістік сұйықтықтардың төгілуіне не оның материалдармен, жабдықтармен негізсіз бітелуіне жол бермеуге, сондай-ақ Мердігер жұмыскерлерінің осы аумақ үшін белгіленген Тапсырыс берушінің режимін және нормативтік актілердің талаптарын, оның ішінде экология, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге тиіс. Осы мақсатта Мердігер инженерлік-техникалық жұмыскерлер құрамынан Тапсырыс берушінің аумағында жоғарыда көрсетілген талаптарды қамтамасыз етуге жауапты адамды тағайындайды;

5.10.3. Осы Шартта көзделген Жұмыстарды орындау барысында Мердігер Жұмыс объектісін және ұйымның орналасқан жерлерін өз қоқыстарынан және оның қызметінде пайда болатын өндіріс пен тұтынудың барлық басқа қалдықтарынан жүйелі түрде тазалауды өз күшімен және құралдарымен қамтамасыз етеді;

5.10.4. Мердігер қалдықтарды орналастыру орындарына орналастыру кезінде экологиялық талаптарды бұзғаны үшін жауапты болады;

5.10.5. Жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер кен орнының инженер-экологының қатысуымен Тапсырыс беруші тарапынан Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне қол қойылғанға дейін өзінің барлық жабдықтары мен техникаларын, артық материалдарын және т.б. орналасқан жерінен немесе орнынан әкетеді, өзі тұрғызған уақытша ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектейді, осы Жұмыстардан пайда болған қалдықтарды әкетеді және алаңды Тапсырыс беруші комиссиясының актісі бойынша тапсыра отырып, Жұмыстар жүргізілген орынды және/немесе орналасқан орнын экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін күйінде қалдырады;

5.10.6. Жұмыстарды жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің келісімшарттық аумағында/ келісімшарттан тыс аумағында әртүрлі қалдықтардың санкцияланбаған үйінділерінің пайда болуына жол бермеуге тиіс, олай болмаса Мердігерге осы Шарт талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылатын болады;

5.10.7. . Мердігер ай сайын, әрбір есепті айдың 25-іне дейінгі мерзімде, сондай-ақ Шартқа №7 қосымшаға сәйкес экологиялық рұқсаттарда белгіленетін эмиссиялар нормативтеріне сәйкес Тапсырыс берушіге тоқсанына бір рет қоршаған ортаға әсер туралы есептерді (экологиялық есептерді) ұсынуға міндетті. Мердігер осы тармақтың міндеттемелерін ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші Шарттың 6.2 тармағында белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 6.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, Орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шарттың 9.3.2 тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

5.10.8. Мердігер өз есебінен ҚР ЭК 185-бабына сәйкес өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының талаптарын орындауға, ластанудың және қоршаған ортаға әсердің барлық көздері бойынша өлшеулерді жүзеге асыруды ескере отырып, өндірістік мониторинг жүргізуге және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (онынан) кешіктірілмейтін мерзімде Тапсырыс берушіге өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есепберуге міндеттенеді. Мердігер осы тармақтың міндеттемелерін ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші Шарттың 6.2 тармағында белгіленген мерзім шегінде Мердігерге Шарттың 6.4-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жібере отырып, Орындалған жұмыстар актісіне қол қоймауға құқылы. Жазбаша хабарламада көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шарттың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3.2 тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы;

5.10.9. Есепті кезең (тоқсан) аяқталғаннан кейін Мердігер төлем шотын алған сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Мердігер ұсынған төлемдер тізіліміне сәйкес өзінің ластану көздері бойынша қоршаған ортаға шығарындылар үшін жасалатын міндетті төлемдер бойынша шығыстарды өтеуге міндетті. Уақтылы төлемеген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі төлемнен жоғарыда көрсетілген төлемдер бойынша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы;

5.10.10. Мердігер ұсынылған экологиялық есептердің дұрыстығына жауап береді. Мемлекеттік органдар тарапынан тексеру кезінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге қойылған айыппұл сомасын толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

5.11. Өндірістік бақылау саласында:

5.11.1. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігердің және (немесе) қосалқы мердігерлердің Шарттың осы бабының ережелерін сақтауын бақылауға құқылы. Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және азаматтық қорғау саласындағы заңнамалық талаптардың және Тапсырыс берушінің өзі қоятын талаптардың сақталуын бақылауы үшін Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдерінің Жұмыс жүргізу орындарына, вахталық кенттерге және өндірістік базаларға кедергісіз баруын қамтамасыз етуге тиіс;

5.11.2. Талаптардың бұзылғаны анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге бұзушылықтарды жоюдың ұсынылған мерзімдерін көрсете отырып, тиісті актіні береді. Мердігер (немесе) қосалқы мердігер мұндай актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оны Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен ресімдейді;

5.11.3. Егер Мердігер қандай да бір себептерге байланысты ұсынылған мерзімдерде бұзушылықтарды жоя алмаса, онда Тапсырыс берушімен бірлесіп, келісілген мерзімдерді көрсете отырып, бұзушылықтарды жою жоспары әзірленеді;

5.11.4. Мердігер бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты ай сайынғы есептілік құрамында береді;

5.11.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында болған авариялар, инциденттер мен жазатайым оқиғалар үшін ішкі тергеп-тексеру нәтижесінде анықталған Мердігердің кінәсі болған кезде Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

5.11.6. Егер Тапсырыс берушінің кінәсінен болмаған болса, сондай-ақ Мердігер немесе тартылған Мердігердің кез келген жұмыскері немесе үшінші тұлға өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі және өнеркәсіптік санитария қағидаларын бұзған болса, Тапсырыс беруші олардың жарақаттануы, мертігуі немесе қайтыс болуы үшін жауапты болмайды;

5.11.7. Мердігер немесе Жұмыстарды орындауға тартылған мердігерлік ұйым Тапсырыс берушінің аумағында қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, жол жүру ережелері бөлігінде жол-көлік оқиғаларына, инциденттерге, авариялarға, төгілулерге жол берген жағдайда, залалдың бар-жоғына қарамастан Шарт талаптарына сәйкес айыппұл санкциялары қолданылады;

5.11.8. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Мердігерден, Тапсырыс берушінің пікірінше, өз міндеттерін орындауға қабілетсіз немесе Тапсырыс берушінің мүдделерін бұзатын әрекет жасайды деп айыпталатын немесе мінез-құлқы Тапсырыс берушіге зиян келтіретін Мердігердің кез келген жұмыскерін Тапсырыс берушіге шығын келтірмей, жұмыстан шығынсыз шеттетуді талап етуге құқылы және Мердігер бұған бағынуға міндетті болады және қажет болған жағдайда, Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз қолайлы ауыстыруды дереу жүзеге асыруға міндеттенеді;

5.11.9. Мердігер айыппұлдарды, өсімпұлдарды төлеуді, сондай-ақ осыған байланысты келтірілген зиянды өтеуді қоса алғанда, ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы заңнамалық талаптарды орындау кезінде жол берген бұзушылықтар үшін дербес жауапты болады. Егер Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда көрсетілген бұзушылықтары үшін жауапқа тартылған жағдайда, соңғысы Тапсырыс берушіге келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді;

5.11.10. Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің жұмыскерлерімен болған оқиғалар үшін Мердігердің кінәсі болған кезде Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді;

5.11.11. Мердігердің осы баптың талаптарын сақтамауы, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ талаптарын бұзуы осы Шарттың талаптарын елеулі түрде бұзу болып табылады және Тапсырыс берушіге осындай бұзумен байланысты Мердігерге келтірілген залалдарды өтеуге Тапсырыс берушіні міндеттемей, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығын береді.

6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

6.2. Мердігер Жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін (Тапсырыс берушіден Жұмыстарды кезең-кезеңмен аяқтауды қабылдауға жазбаша мақұлдау алған жағдайда Жұмыс кезеңін) және Шарт бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін, Тапсырыс берушіге қол қою үшін Шарт талаптарына сәйкес Орындалған жұмыстардың актісін, Шарттың № 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Жұмыстардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны жібереді. Егер Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар жабдыққа техникалық қызмет көрсетумен, жөндеумен және/немесе монтаждаумен байланысты болса, онда Мердігер Орындалған жұмыстар актісімен бірге Тапсырыс берушіге Тараптардың екеуі де қол қойған мынадай құжаттарды ұсынады: - жөндеу қоры бойынша тауар-материалдық құндылықтарды қабылдау-беру актісі (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша); - жөндеу қоры бойынша тауар-материалдық құндылықтарды анықтау актісі (Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша); - Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарында көзделген өзге де актілер.

6.3. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

6.4. Тапсырыс беруші Мердігермен бірлесіп орындалған Жұмыстардың сапасы мен көлемін тексереді және 10 (он) жұмыс күні ішінде Орындалған жұмыстар актісі бойынша аяқталған Жұмыстарды қабылдап, осы актіге қол қояды.

6.5. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстардың актілеріне Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен онлайн-платформа арқылы электрондық форматта келісуді және қол қоюды талап етуге құқылы, ал Мердігер осыған міндеттенеді.

6.6. Жұмыстарды қабылдау кезінде Шарттан ауытқулар және өзге де кемшіліктер, оның ішінде Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша Мердігерден: 1) Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Жұмыстың кемшіліктерін өтеусіз жоюды; 2) Жұмыстар үшін белгіленген бағаны барабар төмендетуді талап етуге құқылы, Барлық кемшіліктерді Тараптар бөлек Актіде не Жұмыстарды қабылдауды куәландыратын өзге құжатта не Мердігерге жазбаша нысанда жіберілген Тапсырыс берушінің хабарламасында оларды жою мерзімі көрсетіле отырып алдын ала келіседі.

6.7. Орындалған Жұмыстарды қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынғанға дейін қайталанады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Жұмыстарға ақы төлеу міндеттемелері осындай рәсім мерзіміне ұзартылады. Мердігер орындалған Жұмыстардың кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмыстардың құнын төлемеуге құқылы

6.8. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында орындалған Жұмыстың кемшіліктері немесе олардың себептері туралы дау туындаған кезде Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша сараптама тағайындалуы тиіс, оның шешімі екі Тарап үшін де міндетті болады. Сараптама Шартты бұзудың немесе Мердігердің іс-әрекеттері мен анықталған кемшіліктер арасындағы себептік байланыс жоқ екенін анықтаған жағдайларды қоспағанда, сараптама жүргізу шығыстарын Мердігер көтереді. Мұндай жағдайларда сараптама бойынша шығыстарды оны тағайындауды талап еткен Тарап көтереді, ал егер сараптама Тараптар арасындағы келісім бойынша тағайындалса – екі тарап та тең көтереді.

6.9. Орын алған кемшіліктер жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдері Шарт бойынша Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды.

6.10. Шарт Веб-порталда жасалған жағдайда, Мердігер Шарттың 6.1-тармағында көзделген қағаз жеткізгіштегі құжаттармен бір мезгілде Тапсырыс берушіге осы құжаттарды да Веб-портал арқылы электрондық түрде жіберуге тиіс.

6.11. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күндері ішінде ұсынады. Егер Мердігер 7 (жеті) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 7 (жеті) жұмыс күндері ішінде хабарлама алған сәттен бастап Жұмыстың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Жұмыстың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

6.12. Егер Тапсырыс беруші 7 (семь) жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізіледі.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Барлық орындалған Жұмыстардың сапасы Шартқа қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың (МЕССТ, ҚР СТ, ТШ, ССТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс.

7.2. Орындалған Жұмыстарға арналған кепілдік міндеттемелер Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойылған сәттен бастап 12 (он екі) ай ішінде қолданылады.

7.3. Аяқталған объектіні пайдалану кезінде жасырын кемшіліктер, ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 630-бабында (Ерекше бөлім) көзделген жалпы мерзімдер ішінде және Шарттың 7.2-тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 635-бабында (Ерекше бөлім) көзделгендердің біреуін жүзеге асыруға не Мердігерден Жұмыстарды өтеусіз қайта орындауды немесе Тапсырыс берушінің кемшіліктерді өз қаражаты есебінен жоюға жұмсаған шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.4. Мердігер материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық ерекшеліктерге, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігіне, тиісті сертификаттармен, техникалық паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа құжаттармен қамтамасыз етілетініне кепілдік береді

7.5. Мердігер орындалатын Жұмыстарға барлық рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде рұқсаттардың, лицензиялардың, орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға сертификаттардың бар екеніне кепілдік береді.

7.6. Шарт талаптарынан ауытқуларды немесе өзге де кемшіліктерді анықтау Мердігерді Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні орындалатын Жұмыстардың мерзімдеріне, көлемдеріне және сапасына қатысты одан әрі талаптар қою құқығынан айырмайды.

7.7. Мердігер Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Жұмыс нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты кінәрат-талап қойған жағдайда, Мердігер осы кепілдіктердің шарттары бұзылған жағдайда, Тапсырыс берушіге осыған байланысты барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігердің жауапкершілігі:

8.2.1. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0.1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ уақтылы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

8.2.2. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің деректер базасына енгізілген құрылыс материалдары, жабдықтары, бұйымдары мен конструкциялары (болған кезде) негізсіз көрсетілмеген жағдайда, Мердігер сатып алу туралы шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Жұмыстың мердігері төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші оны Тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін;

8.2.3. Мердігер Жұмыстар бойынша кемшіліктерді жою мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

8.2.4. Шарт талаптарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылық есебі ұсынылмаған жағдайда, Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлейді;

8.2.5. Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігердің осы Шарт бойынша міндеттемелерін (оның ішінде отандық материалдарды (тауарларды) сатып алу жөніндегі міндеттемелерді) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін орындалуы жүзеге асырылмаған не тиісті түрде жүзеге асырылмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10% мөлшерінде (Жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайлардан басқа) айыппұл төлеуге міндетті.а;

8.2.6. Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын жұмыскерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді;

8.2.7. Мердігерлік ұйымдарға қойылатын қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды сақтамағаны/ бұзғаны үшін Мердігер/ қосалқы мердігер Шартқа №9 қосымшада көзделген жауаптылықта болады

8.2.8. Осы Шартты орындау кезінде Шарттың 8-бөлімінде және Шартқа №9 қосымшада көзделмеген өзге де бұзушылықтар анықталған жағдайда, Мердігер осы Шартқа сәйкес ресімделген құжат негізінде Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде айыппұл төлейді;

8.2.9. Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзған кезде Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың 8.2.5-тармағында көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

8.2.10. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, егер еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған орта

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

туралы шартқа қосымшада тұрақсыздық айыбының өзге мөлшері көзделмесе, Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады;

8.2.11. Шарт талаптарына сәйкес осы Шартты орындау үшін тартылатын жұмыскерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші оны тараптар орындалған Жұмыстарды беру-қабылдауды растайтын тиісті (түпкілікті) актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін;

8.2.12. Шарт талаптарына сәйкес Шартты орындау үшін тартылған Мердігер жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарды ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Мердігер төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар орындалған жұмыстардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін;

8.2.13. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шарт тоқтатылған (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда, Мердігер бұл туралы Тапсырыс берушіні Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге және Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талап етуі бойынша талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде алынған ақша қаражатын (жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен шығысы расталмағанын) қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір мерзімі өткен күн үшін қайтарылуы тиіс соманың 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

8.2.14. Мердігер Шарт бойынша міндеттемелерді бұзған/орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Шарттың 8.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/ айыппұл/ өсімпұл төлеу туралы талаптармен қоса, Тапсырыс беруші Шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы;

8.2.15. Пайдасына тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талап етуі бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұл, айыппұл) артық толық сомада өтелуге тиіс;

8.2.16. Тапсырыс беруші өз күшімен және өз есебінен Жұмыстардағы кемшіліктерді жойған жағдайда, Мердігер мұндай шығындарды Тапсырыс берушіге өтейді;

8.3. Мердігер Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Мердігердің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомалардан ұстап қалатынына келіседі;

8.4. Егер Мердігер шартта белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады, әлеуетті өнім беруші енгізген өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады, Мердігер толық және тиісінше орындаған жағдайларды қоспағанда, сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға Мердігер туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін ақпарат жіберіледі сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің соңғы мерзімі өткенге дейін Сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындайды.

8.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-ы, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.5.2. Мердігерге ұсынылған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванстық төлем сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.5.3. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

8.5.4. Тапсырыс беруші Жұмыстарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы;

8.5.5. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін кешіктірілген жұмыстардың 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы

8.5.6. Тапсырыс беруші құжаттарды беру мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда (егер Шарт талаптарында Тапсырыс берушінің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін құжаттар ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Мердігер Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаса, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімін өткізіп алу салдарынан келтірілген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге, сондай-ақ Шарт талаптарына өзгерістер енгізбестен, Жұмыстарды орындау мерзімін осындай кешіктіруге сәйкес ұлғайтуға құқылы.

8.6. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

8.7. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігердің Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзғаны үшін оған аударылған және осы шығындарға байланысты туындаған айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.8. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.9. Тұрақсыздық айыбын Мердігер Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғасы қол қойған тиісті жазбаша хабарламаны және төлем шотын алған сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде төлейді. Мердігер тұрақсыздық айыбын төлеу үшін Тапсырыс беруші Мердігерге ұсынған шот орындалған Жұмыстар үшін ақы төлеу бойынша және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біркелкі қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

8.10. Егер Мердігер Жұмыстардың уақтылы орындамауы немесе Мердігердің Жұмыстардың барлығын немесе бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдеген жағдайда, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға/ өндіріп алмауға құқылы.

8.11. . Шарттың 8-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше жағдай туындаған кезде, Тапсырыс берушінің бір мезгілде бірнеше айыппұл санкциясын қолдануға құқығы бар.

8.12. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер туралы мәліметтерді «Самұрық-Қазына» АҚ Сенімсіз өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

8.13. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан оның Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын бұзғаны және осыған байланысты туындаған залал үшін Мердігерге есептелген айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

8.14. Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, іс жүзінде Жұмыстар Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлемнен аз сомаға орындалған кезде Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы

8.15. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтелуге тиіс болатын және Тапсырыс берушіге тиесілі нақты залал мен жоғалған пайда сомаларын осы Шарт және Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге тиіс сомалардан ұстап қалуға келіседі.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

9.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

9.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Мердігер өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда бұзуға құқылы.

9.3.3. Тәртіптің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген;

9.3.4. Жұмыста негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

9.3.4.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

9.3.4.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің Алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3.5. Шартты бұзу Мердігер банкрот деп жарияланған, төлемге қабілетсіз деп танылған, сондай-ақ Жұмыстарды жүзеге асыру құқығына рұқсат беру құжаттарының (лицензияларының), оның ішінде Мердігерді Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын басқа да құжаттардың қолданысы тоқтатылған/ болмаған жағдайларда дереу жүзеге асырылады. Осы тармақты Тапсырыс беруші Мердігердің Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын шектейтін сот актілері, сот орындаушыларының қаулылары негізінде де қолдануы мүмкін.

9.3.6. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде. Тапсырыс беруші Мердігерге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда, Жұмыстардың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

9.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесінің атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

9.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелер көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні көрсетілуі тиіс. Шарт жоғарыда көрсетілген жағдайларға байланысты күші жойылғанда, Мердігер Шартты бұзу күнгі Шартты орындаумен байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

10. Хат-хабар

10.1. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.2. Тапсырысты пошта, курьерлік пошта, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алынғаны расталмаған жағдайда) оның алынғаны туралы белгі қойылып, берілу сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.3. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10.4. Тараптар заңды мекенжайға, нақты мекенжайға және банк деректемелеріне қатысты мәліметтер өзгерген жағдайда, бір-біріне дереу жазбаша хабарлауға міндеттенеді

11. Шарттың мерзімі

11.1. Осы Шарт оған Тараптардың екеуінің де уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол тежеусіз күш жағдаяттарының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, мемлекеттік органдардың Жұмыстарды орындауға тыйым салатын немесе қандай да бір өзге де түрде кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдары болса, бұл міндеттемелер Тараптардың еркіне тәуелді болмаған және Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген болса, жауапкершіліктен босатылады. і.

12.2. Тараптардың кез келгені тежеусіз күш жағдаяттары пайда болған ретте, олар пайда болған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде басқа Тарапты осы жағдаяттардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Осы жағдайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі тежеусіз күш жағдаяттары, сондай-ақ осы жағдаяттардың салдарлары әрекет еткен уақытқа бара-бар ұзартылады

12.4. Шарттың 12.2-тармағында айтылған тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда аталған кез келген жағдайға сілтеме жасау құқығынан айырады.

12.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауы мүмкін болмауы 2 (екі) айдан астам уақыт орын алса, онда Тараптар Шартты бұзуға және өзара есеп айырысуға құқылы болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

12.6. Мердігер Форс-мажорлық мән-жайлар кезеңінде орындалған Жұмыстарды және Тапсырыс берушіден жасалған және қабылданған Мердігердің барлық материалдары мен жабдықтарын, ресурстарын және Жұмыстарға қатысты басқа да заттарды зақымданудан, жарақаттан, қираудан қорғауды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шараларды қабылдауға міндетті.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

13.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешіледі.

13.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

14.8. Мердігер мынадай алдын ала айтылғандардың кепілдіктерін сақтайды: - мемлекетпен байланысты тұлға/ мемлекетпен байланысты тұлға емес және оның лауазымды тұлғалары, жұмыскерлері немесе тікелей немесе жанама иелері болып табылатын Саяси маңызды тұлға/ Саяси маңызды тұлға емес. Мердігер қандай да бір Саяси маңызы бар тұлға Мердігердің лауазымды адамы немесе жұмыскері болған не Мердігердің тікелей немесе жанама қатысу үлесін сатып алған барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді. - қандай да бір заңсыз мақсатта емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған және оның заңды қаржыландыру көздері ғана бар; - Мердігер мен оның Үлестес тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңсыз іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылмаған. Мердігер немесе оның қандай да бір Үлестес тұлғалары осындай заңсыз іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Мердігер Тапсырыс берушіге жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді. - Мердігер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Іскерлік әдеп кодексімен және Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтындағы Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқанын растайды. Мердігер ҚМГ Іскерлік әдеп кодексін және Тапсырыс берушінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін растайды.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

15.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15.3. Осы бөлім сот органдарының сұрау салуы бойынша және Шарттың нысанасына қатысты сот талқылауы барысында құпия ақпарат ашылатын жағдайларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша ашылатын жағдайларға қолданылмайды.

15.4. Тараптар Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) жыл бойы құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

